

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҮЛПТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

---

АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

XII том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология*

*және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жсэне*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№ 2 хаттама 29 желтоқсан 2016 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

### **ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,  
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов,  
Ә. Тарап, А. Темірболат, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев  
(хатшылар тобының жетекшісі)

### **Пікір жазған**

филология гылымдарының докторы, профессор **Б. Жақып**

### **Жалпы редакциясын басқарған**

филология гылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

### **Баспаға дайындағандар:**

Б. Баязитов, Г. Іскеқақова

**А 13 Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. XII том. М.О. Әуезов  
Абайтану мәселелері. Макалалар / құраст., түсінік. жазғ.:  
Д. Қарағойшиева, Л. Мұсалы; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.  
– Алматы: Қазақ университеті. – 2017. – 302 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-2266-7 (12-том)**

«Абайтану. Таңдамалы еңбектер» көп томдық басылымның он екінші томына  
М. Әуезовтің Абайдың өмірбаяны туралы еңбегінің екінші, үшінші нұсқалары  
және абайтану мәселелері бойынша әр жылдарда жазған макалалары берілген.  
Томга енген еңбектердің ғылыми және таңымдық маңызы үлкен.

Енбек орта және жоғары оқу орындарында білім алушы жастарға, жас  
мамандарға, зерттеушілерге және көпшілікке арналған.

Том 3979/ГФ4 – Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық  
зерттеу бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-2266-7 (12-том)

© Әуезов М.О., 2017

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2017

## АБАЙ АҚЫНДЫҒЫНЫҢ АЙНАЛАСЫ

Бұл мақалада біз Абай ақындығы туралы ертелі кеш айтылып жүрген әртүрлі сөздерді, әр алуан жайлардың көбіне соқпаймыз. Көп тексеріліп, зерттелмеген, сонылау бір саланы ғана сөз қылмақпаз. Ол – Абай ақындығының, Абай шығармаларының айналасы. Ақын өзі көріп, сезіп, өзі ойлап қорытқан өмір материалынан басқа әдебиет дүниесінен де бұйым алады. Абайдан қалған мұраның ішінде көп окушыға даусыз бол, айқын сезілеттің сыртқы әдебиеттер белгілері бар. Ол – Шығыс әдебиеттері мен Батыс әдебиетінен қосылған белгілер. Екінші, бұдан бөлек, ақынның өз тұлғасы сияқты бол қалыптанған барлық әдеби мұраларынан бұтақша таралып өсіп, жырыла шыққан тұмалар бар – әдебиет тұмалары.

Казіргі қарастыратынымыз – осы екі жай. Көлденен тұрып, көз жіберсең, бұл ақынның шығармалық енбегі ұзын аққан ағын су сияқты. Ия Сыр, ия Ертіс десек, соның ұзын арнасы бірде қазақ жайларған жағаны, бірде Шығыс елдері, не европалықтар қоныс қылған жағаны сыйып өтеді. Кейде тастақ, керіш арна мен шағыр мөлдір сулы Ертіс басындағы бол, кейде құмды сарто-пыракты еспе арнамен сусып Сырдың аяғындағы құла түсті бол агады. Жолшыбай өзіне көп құятын әр түрлі тың арналардың неше алуан суларын сіміре барып, әр жерде өзінен де кейде көлшік, кейде өзен тармақ шығарып кете барады. Осы айтылған жағырапиялық тенеу, ақыннан қалған мұраның тарихи орнын, мәнін алсақ, көнілге қонымды, үйлесімді тенеу сияқты көрінеді. Барлық Абай шығармалары Шығыс пен Батыстың мәдени, тарихи жапсарын, ой-саналық шекараларын жүлгелей жүрген қазақ даласының бір ағыны сияқты. Тағы бір тенеу. Абай бала күнінде екі шешенің қолында қатар тәрбиеленгендіктен, женгелері «Телғара» деп атандырган екен. Шынында бұның ақындық өмірі де өзіндік, қазақтық қалпынан басқа жаңағыдай екі жағадан қатар нәр алу арқылы бір әдеби «Телғаралықпен» ерекшеленіп түрган сияқтанады. Әрине, бұған қарап Абайдың өз пішіні, қазақ тұлғасы жоқ демейміз. Жаға – жаға да, арна – арна. Ұлы арнасы мен жол арнасының түп-түбінен шығып жатқан қайнар көздер ақынның негізгі қазақтық тұлғасын құрайды.

Екі анаға тел болуда екеуінен нәр алу болғанмен, соны өзінше қорытып, өзінше сініріп пайдаланып отырып бала денесі өседі. Анадан алған сүттен бұның сапасы басқа. Физика-химиялық сипаттан да өзгеше... Жоғарыдағы теңеулерге бұл қосымшаны тіркей отыру шарт.

Осымен Абай шығармаларының ішінен «мен мұндалап», атой беріп тұрган Шығыс-Батыс ақындарына көз салайық. Әуелі Шығыстан бастаймыз.

Тұн дүниесіндегі тынысы ауыр схоластик медресесінде, Ахмет Риза имамның медресесінде, болашақ ақынның оку, тәрбиесі басталады. Айналасы басқа сәлде, үстіне ұзын шапан киіп, көзді сүрмелеп, мұртты таңқита қырып, бес уақыт намаз, ораза (...) арасында таспих-шәхилимен кер кеткен күндерін көріп, қайыр-ниязда құзғындағы таласатын көрі қалпе, караңғы шәкірт, соқыр қазірет болады.

Сол күнде бұл ортага ой сезім, қиялдарының ешқайсысы бойцына алмаған, үйлесе алмаған қыр баласы, жас талапкер дұғалық жаттаудың ара-арасында өз бетімен тімтіне бастайды. Бала қиялын мыналар ортасынан, мыналар дүниесінен бөлегірек бір тұрғылар өзіне қарай бой ұрғызады. Жақсы жайлау өзгеше бір қоныстың шебі тартады. Науаи, Шәмси, Сайхали... аттарын атап кеп: «Мәдәт бер ия шағири фәрияд!» – деп, қыстығып «мәдәт» тілейді. Сенеді. Үлгі, ұстаз қылмағы да солар. Араб, парсы, түрік әдебиетінің талайын шарлап тастаған бала ақын жаңағыларға еліктеп, ғаруз уәзінімен (мәд уәзінімен) бейіт, жыр жазады.

Иузи – рәушан, көзи – гауһар  
Лагилдек бет үші әхмәр... –

жыры – сол күнгі іздену нәтижесі. Тілінде араб, парсы көп. Өзі танысқан Науаи, Құсайын Байгара, Бабыр, Мұқамбет-Салық сияқты шағатай ақындарының ізін қуалай бастау, алғаш талпынудың бұранж жолы өз тілінен, ана тілінен қашандатып әкетеді. Сұлуды шығыс поэзиясының салтымен мадақтау. Бұл тілде ғана емес, өлеңнің ұйқасын да, ырғағын да билейді. Жаңағы өлең қалыпты «рубаги» – төрттік. Алғашқы үш жол бір ұйқасып, төртінші жол келесі төрттіктің төртінші жолымен ұйқасатын өлең улгісі. Жыр

ішіне кіретін «иузи», «көзи» деген сияқты бірен-сарап түркі сөзі болса, оның айтылуы да басқаша. Араб, парсы поэзиясының әсері түркі топырағына көшкенде, бұл тілді өкпеге тепкілеп, талқылап та созғылап, мәд уәзініне көндіруді дағды қылған.

Осы қалыпқа сынсыз бой иген жас ақын Абай да «көзі», «жүзі» деудің орнына «иузи», «көзи» деп майсандайды. Бұл өлеңін байт ретімен (бәйт деп өлеңнің екі жолын, екі мысырағын айтады) жіктесек, ғарұз уәзінің «пағылатын пағылат» схемасында «мұғағылын, мұғағылын, мұпағылын, мұпағылын» болады. Бізше он алты буынды байт.

Осы сияқты «әліп-би»-ді тәспірлеу арқылы қызға жазған жастық хаты да аяқ кезінде:

Утірмен асты-ұстілі жазу да бар,  
Болуга асты-ұстілі консещ өзің, –

деген қазакы әзілмен бітіп тұрса да, анығында жаңағы еліктеу белгісі зор шығады. Сырты он бір буынды өлең, қазакы төрт жолды ақсақ үйқас болғанмен де, бұл өлең де ғарұз өлеңмен жазылған. Уәзіні – «мұпағылын, пәрғұлән».

Бұл кез Абайдың шағатай поэзиясына таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді. Онда тақырып, тіл, ыргак, кейде үйқас және теңеу, салыстыру суреттерін («көзи – гауһәр» сияқты) – бәрі де өз төркіні кім екенін танытып тұр.

Шығыс жағасының Абай ағынына құятын бір саласы, тұнтыш саласы, осындай. Тегінде кітапшылаған, сиыр жорға жыр қазақ поэзиясына жалғыз Абай тұсында кірген жоқ, Ыбырай, Албан Асан, Мәшіүр, Ақан сері сияқты Арқа, Жетісу ақындары және, әсіресе Сыр-Түркістан ақындарынан Шортанбай бастаған Шәді, тағы басқа көп ақынның шығармаларында бұл әсер көп. Соның көбінде араб, парсының өз сөздері көрінуден басқа қазактың «дейді»-сін «дейди», «көрді»-сін «көрди» сияқты ғып созғылау көп болған. Барлығының өкшे ізі сол жаңағы шағатай арқылы дін хиссалары немесе «Шах-нама», «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн»-дей дастандар арқылы кірген ғарұз уәзініне барады. Қазақ әдебиеттің көлеміндегі ғарұз әсерін тексеру және соның бір жағын Абайға тірей тексеру – әдебиетшілердің алдындағы бір соны проблема.

Абайға келгенде, жаңағы айтылған өлеңдер өзінің шығыстық тұлғасын өзгертпейді. Абай аузында бұның қазақ ақыны екенін білдірмей, танытпай тұратын нәрселер болады. Қорытылмай, сұрыпталмай, өз тәні бола алмай тұрған еліктеу, таза еліктеу.

Медресе түнінен саңылау іздел, алғаш бұлқынғанда, жас ақын Шығыс поэзиясына осылайша шылбыр созады да, жаңағыдай жағаға бір соғады. Басы осы. Содан әрі балалық күннің еліктеу үлгісін тастағанмен, өмірінің ақырына шейін Абай осы жағадан қол үзбейді. Абай ақындығының ішінде Шығыс арқауы ұзыннан ұзак тартылған желдей болып созыла келіп, ең ақыры 1902 жылы «Масғұт» пен «Ескендір» әңгімелері жырланады.

Тегі Абай әңгіме, жыр жазбаған, оны бұның шәкірті есепті болған ақындар және қолға алады. Абай өзі:

Батырды айтсам ел шауып алған талап,  
Қызды айтсам, қызықты айтсам, қыздырмалап,  
Әншнейн күн өткізбек әңгіме үшін,  
Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап... –

деумен әңгімелі жырды өзіне өзі рұқсат етпейді. Бірақ сонымен қатар жаңағы екі жыр бар. Және «Мың бір түннен» «Әзімді» жыры ғып шығады. Бұнысы мұсылман дүниесінде жайылған сөздердің қазақ оқушысына ғибрат боларлық үлгі, мәжіліс боларлық мысал, өсіет айтам дегеннен шыққан. Һарон Рәшиит халифа заманы мен «Шах-нама» уақығаларын алу қур «қызық әңгіме айта салайын»-нан тумаған.

Содан әрі 89-жылы «Қор болды жаным», 91-жылы «Көзімнің қарасы» жазылады. Бұл өлеңдердің тұсында алғашқы ғарұз уәзінімен жазылған шағатайша бәйттердің жотасы қайта көрінеді. Бірақ енді ақын Шығыстағы «Тассафуп» (сопышылдық) поэзиясының ұрығын, ішкі-тыскы үлгісін, негізгі сарынын терең түсіне бастаган. Сондықтан бұдан былай олардың үлгісін қорытып, өз ырқына көндірінкіреп, баурай алып қолданады. Өлеңі қазақ ақынының өзі-ақ айтарлық сөздер тәрізденеді. Бірақ азырақ бойлай қарасак, махаббатты: «Қор болды жаным», «Тағдырдан келген зұлым», «Бүтілді белім», «Тағдыр етсе Алла, Не көрмейді пәндә» деген сияқты сөзben сырлау – Шығыстың

«Тассафуп» ақындарының ұлгісі, «Ләйлі-Мәжнүн» махаббатының ұлгісі бол көрінеді. «Көзімнің қарасындағы»:

Сенсің – жан ләzzаты,  
Сенсің – тән шәrbеті.  
Сұлуды сүйемктік –  
Пайғамбар сұннәті... –

деген сияқты сарын да Шығыстан келіп тұрган леп. Такырып махаббат болғанмен, не қазақ, не Еуропа ұлгісіндегі махаббат сыры емес. Денең қорлық көреді, зар шегеді. Сол арқылы жаңың тазарады.

Тазарған жанмен Құдайынды, иендей танисың деген сопы ақындардың махаббат пәлсапасы бұл арада екі ұлдайысыз, шіркеусіз ашық көрініп тұр. Соған орай тілдегі «зұлым», «бек бітті», «ләzzат», «шәrbat» сияқтылар қыстырылған.

Бұлардағы ұйқас пен ырғақ та өзге қазақы өлеңдей емес. Осы өлеңге арнап ақынның бәйіт күйіндей күй шығарып, қырлап, өзгеше сазбен айтуы да еске аларлық нөрсе. Мұны, әсіресе «Желсіз түнде жарық ай», «Қызырып, сұрланып» немесе «Айттым сәлем, Қаламқаспен» салыстыра қарағанда, ерекше бол көрінеді. Шығыс жағасының осылардан басқа бір таласы Абайдың діншілдік өлеңдерінен көрінеді. 1894 жылы жазылған:

А, Құдай, бере көр,  
Тілеген тілекті, –

деген сияқты немесе:

Алланың рақматын,  
Жар тұтып әрнеге,  
Әр-рахман ол атын  
Үйреткен жұмлеге... –

деген өлеңдері баласы Әбіш ауырып жатқанда айтылған сыйыну, дұға, жалбарыну көздері бол шығады. Бұлардың тұсында Абай – мұсылман. Мұсылман құдайына табынған «ғаси бәндә» өлеңі, дәрмен кеткен қарт көнілдің намаз артынан күніренип айтып отырған мінажаты, сынық кішік көнілдің қоныр үнді дұғасы сияқты сезіледі. Бұл Абай басына келген соқпа күй емес.

Көнілдің сынып, жамалып отыратын әлдекалайы да емес. Өмірінің қысталаң шағында айтылған шыны. Дәл бұл жері ақын шығармаларында жарыққа шықпай, айтылмай, ашылмай да кете баруга мүмкін еді. Бірақ басына келген кезі мен хәлі ішкі пердесін осы арада аша кеткен. Сонда ақын мен діндармын, мен инанушымын деп отыр.

Бірақ осының бәрімен қатар Абай фанатик те емес. Мұсылманың көп молда, көп кітабы даттаған фанатик, схоластик дінді ұстанбайды. Шығыс жағасынан алған нәрдің бәрін Абай өз ақылымен, сыншы, ойшыл ақылымен, бірақ, ерине, жанашылдық жолымен өзінше қорытып алады. Бұған кірген бұйымдардың басы ислам діні, онан соң Шығыс поэзиясы және мұсылман ғылыминың ілгері-сонды ғұлама философтарының сөздері болады. Мысалы, 1895 жылы «Ылай суға май бітпес қой өткенге...» деген өлең жазады. Мұнысы, жаңа «Алланың өзі де рас, сөзі де рас...» деген қорытынды өлеңі ақынның діни философия ретімен сөйлеген сөздері сияқты.

Сонда басы ашық:

Алла мінсіз әуелден, пайгамбар хақ

.....  
Құран рас, Алланың сөзі-дүр – ол

немесе:

Тә'үиліне жетерлік ғылымиң шақ, –

деп,

Алланың, пайгамбардың жолындамыз,  
Ынтымайды бұзбастық иманымыз... –

деп, катардағы көп діндар, көп мұсылманың бірі екенін даусыз айқын көрсете отырып, солармен қатар:

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділліті, –

дейді де:

Осы үш сүю болады имани гүл,  
Иманның асылы үш дәп сен тахқиқ біл, –

деу арқылы наған молдалардың үгітінен жырақтап шығып алып:

Рұза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,  
Жақсы болсан, жақсы тұт бәрін тегіс.  
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртін  
Қылғанменен татымды бермес жеміс... –

дейді. Мұнысы – өзі тұтқан ислам дінінегізін сыншы ақылмен, жаңашылдық пәлсапасымен, морал (мінез-құлық) пәлсапасымен сұрыптал аламын деген рационалды ойшылдың ісі. Абай діншілдігінің түп қазығы, негізгі сипаты – осы. Осындай «молда айтты», «кітап айтты» дегенге қалт қарап тұрып қалмай, әр жағынан түбін үнгіп қарайтын тімтінгіш ой:

Өзгені ақыл ойға қондырады,  
Біле алмай бір Тәніріні болдырады.  
Талып үйқап, көзінді ашылсымен  
Ташыныш тагы да ойтап зор қылады, –

дейді. Бұл арада қараңғы сопылар көзінде Абай құпірлік жағасына да жақындаған қалады. Шеттігіне іліне барып, қайта оңалғанда айтатыны:

Көңілге шек, шұбәлі ой алмаймын,  
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.  
Ақылдың жетпегені арман емес,  
Құмарсыз құр мұлгуге тоя алмаймын, –

дейді. Мұнда Шығыс ойшылының бірталай құнекер қылатын күдіктері көрініп тұр. «Бес парыз», «иман», «таксыр» деген ойсананың бәрін тұмсылдырықтап, тұмшалап тастайтын исламның тігіс-тігісі ыдырай бастап, бірталай сауыты жыртыла бастайды.

Осы жайлары қарасөздерінде де айқын көрініп отырады. Міне, Шығыс жағасынан Абайдың барлық тұлға мазмұнына орнаған поэзиялық, ой-саналық іргелері осындай. Аз нәрсе емес. Үстіңгі бір жамылдығана, бір қабат жұқа қабыршақ қана емес. Көніліне орнаған терен тамырлы бұйымдар. Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ.

Батысқа келгенде, ол арқасын Шығысқа, ақылмен корытып алған мұсылмандыққа нық тіреп алып келеді.

Сонымен, өз тұсында, XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс әлемінде майданға шыға бастаған жаңашыл, рационалшылдар дін реформашыларының шеніне араласады. Абай татардан шыққан Қаюм Насыри алдындағы Шихабиддин Маржаниды қостайды. Бұл екеуі мен Смағұл Гаспиринскийдің алдында мұсылман әлемінен шыққан рационалшылар 60-жылдарда өз елдерінен қашып шығып, Парижге орнаған Жәләлиддин Аугани, Мұхаммет Фабдуғи еді. Соңғысы Мысыр арабтарының жаңашылы болатын. Кезі келіп, өріс ала алса, әлеуметтік жұмысқа ру мен ауыл шегінен шығып, мемлекеттік масштабта араласса, Абайдың шындағы тоғысатын кісілері осылар мен Қаюм Насырилер болар еді. Ол Абай қазақ қоғамының буржуаздық жолмен өсуіне ат салысқан Абай болар еді. Осыған жетпесе де ескіден аяқ кездे сыйылып шыға бастады, сол жаңағыға қарай бой ұра бастаған Абайды біз ақынның Еуропага қараған жүзінен байқаймыз, көре аламыз.

Осы айтылғандай рационалшылдықпен салт-сана, ой-өнер жүзіндегі жартылаған жаңашылдыққа бейім болмаса, Абайдан Еуропа жағасының белгілерін кере алмас едік.

Жәләлиддин Аугани мен Мұхаммет Фабдуғи Еуропа капиталының орта шабуылына қарсы пәнисламдық ұранды бастай жүріп, өздері Париждегі масондар ложысына мүше болған.

Абай Будда жайын оқи келе: «Шіркін, Будданың сөзі қалай терең еді, жас шағымда кез болмады-ау!» – дейді. Миссионер Сергей поппен мәжілісі жарасып, кең әнгімелеседі. Сөйті отыра: «Дарвинде кісіні құлатып ап кетерлік күш бар екен, бұған дін қазығынды мықтап алмай соқтығу қатер екен», – дейді. Осыларының барлығына қараганда, баласы Әбдірахман өлгенде айтқан:

Жаңа төлдің басы – ол,  
Мен ескінің арты едім... –

деген сөз әншейін өзінің жасы ұлғайып қалған көрілігіне ғана сілтей салған сөз болады.

Шынында Абай – феодал ішіндегі либерал топтың өкілі. Пушкиннің либерал ақ сүйектер өкілі болғаны сияқты бұл да өз

қауымының өзінше бөлек біткен ерекшеліктерін ала келген, феодалдан буржуаздық дамуға қарай бой ұра бастаған топтың басы сияқты болады. Мұны Шығыс жағасын кездіріп-сүздіре келіп, Еуропа жағасына тағы қонақтатып жүрген де осы ерекшелік, осы жағдай.

Батыс жағасына келгенде, Абай көбінесе өз іргесін бермеуге тырысады. Бұл жақтан мұның алдына тартылған тың жаңалықтың барлығын талғап-талғап қана ала алады. Дүниеге оның көзін ашқан Михаэлис, Грос, Долгополовтар халықшылдық, патша үкіметіне қарсылық сияқты өз бағыт, талаптарының ешқайсысын Абайға дарыта алмады. Замандағы патшалық үкіметіне қарсы арналған саяси, әлеуметтік, мемлекеттік пікірлер, көзқарастар Абайдан ныспы білінбейді. Бұкарашыл, төңкерісшіл ақын, жазушылар Чернышевскийдегі саяси, салт-саналық башылардың да ешбір пікірін алмайды. Көз салып құнттамайды.

Пушкин, Лермонтовтар, Крыловтар сарынына қарай бой ұра береді. Онда да ешқайсысының атағына жығылмайды. Мәдениетті жүртшылық түгел қостаған, даттаған Пушкинге Абай өз басын кем санамай, тен санағандай болып, «олай айтпай, былай айтса нетер еді» деген кісіше, аз ғана бойкүйездікпен бұрылады. «Татьяна, Онегинге» өз сөзін, өз түсінік, теңеулерін қосып:

Қаймақ еді көңілімде,  
Бізге қаспақ болды жем, –

деп, немесе:

Өз қорандың қақпасын сен  
Қатты жаптың, не айттайын... –

деп қана қоймайды. Бірталай қошқар мүйіз салады. Татьяна хатынан аз сөз, Онегиннің екі кездесудегі ауызша айтқан сөздерінен біраз жерлерін алғаны болмаса, көбінесе Онегин, Татьяна хаттары Абайдың Пушкин желісімен өзі шығарған сөздері болады. Бұл екі жастың әңгімесін Пушкиндегі мазмұн, тақырып, идеядан басқаша, өзгеше қып қорытады.

Ең әуелі хаттар дегеннің өзі де – Пушкинге жасаған зорлық. Пушкинде көп хаттар жоқ. Абай алдымен түрін өзгертип, эпистоляр роман (екі кісінің, кезек жазысқан хаттарынан құрылған

роман) қылып шығарды. Өз тұсындағы ақ сүйек қауымының бір тобына мұны айна қып, құнсыз, нәрсіз айна қып көрсетеді. Тарихи орны сол жағынан бағалы, маңызды боп, мәнгі қасиет боп қалған. Абай бұл жерлерімен, орыс тарихымен есептеспейді. Ол Еуропа жағасына келгенде, өз аулына осыдан сарқыт ала қайтам деп, керегіне жаратам деп келген. Сондай есебі мен бағытының барлығына опасыз Онегин дәл келмейді. Оның гибрат аларлық, үлгілі жігіт болуы шарт. Сол себепті, әнгіме бітер жерде Пушкин күлкі қып тастал кеткен Онегинді Абай қолтығынан сүйеп тұрғызып алғып, қолына мылтық ұстатып, аузына:

...Сенен басқа еш жерден  
Таба алмадым орнымды.  
Атам-анам қара жер,  
Сен аша бер қойынды... –

деген сөз салып, өзін өзіне атқызады. Жігіт болсан, осылай сүй деп, өз ортасының жасына тағылым айтпақ болады.

Мұнысы Еуропадан ұстаздық іздей, қоңсы қона келу емес, дара иінге келген келісі сияқты, ірге бермей, бөкссесін қашық сала ұстаганы сияқты.

Крыловта да мақал, мәтел, нақыл, мысал көздерін аударғанда: «аларын көп кісі айтқан сөз, ендеше сол көп ішінде мен де ортак» деген кісіше тағы да өз бетіндегі нығыздығын, тұтастығын жоймай кеп алады. Өзі айтып жүрген қазакы өсиет өлеңдеріне мынаны қосымша ғана қып ұсынады.

Абай Батыстың өнер мәдениет көрінісіне қазақ сахараасының, Шығыстан шығып, сапар шегіп келіп, әдейі не барын, нендей сырлы екендігін танып қайтайын деген кісі сияқты. Бірақ шын өнер, шын мәдениетті көру мұн. Көрген соң, дәмін татып, нәрін алған соң, жым-жылас, тұқ жұқтырмай кету мүмкін емес. Басында кердең басып, тай-талас тұспек боп келген беті біраздан соң өзгерे береді. Рас Еуропамен таныса келе: «Шығысым – батыс, батысым шығыс бол кетті», – деген сөз Абайдын ішкі дүниесінің барлығы бірдей қопарыла өзгеріп кетті дегенді білдірмейді. Еуропаның ғылым, өнер, мәдениеті мұны барған сайын қызықтыра тартып, соңына шындал телмірткенін білдіреді. Бірақ Абай іші бұрынғыша дін қазығына арқасын нық тіреп

алып келген іш екені, жоғарыда айтқан сол қалпы негізінде өзгермейді. Бірақ барған сайын икемделіп, сырт буындығынан арыла береді. Рационалшы, жаңашыл Абай пішіні айқынданып, ашыла береді. Өз ішін бермеймін деп жүрсө де, ақын көп жанасу арқылы бірқатар жаңғырып, түлей бастайды. Ой білімінде ақындық өнерінде терендеп, өсе бастаған сайын Еуропадан үлгі таңдал, нәр алады. Онысы Еуропа көрмесінің ішінде бұған ерекше көрінген кейбір жаңалыққа қатты қызығуынан басталады. Жаңалық ішінен жаңалық талғап, бұрын өзі көрмеген үлкен тұлға, «өзгеше туыс» іздеп, өз кеудесіндегі сынменен қыдырып келе жатқанда, Абай Пушкин қасынан солғын карап өтеді. Бірақ солай женіл жанап, ат үстінен жоғарыдағыша үстірт шолып өткенмен, сол Пушкин маңынан іздегенін табады. Өз сынынша «махаббаты ашуға уланған» Лермонтовқа кеп үйріледі. Мұны таңдана, талмаурай сүйеді.

Ел ішіндегі қаққы-соққы, алыс-жұлдыстан кекесін мен ашу алып шығып, ызамен сазарып, уайыммен уланып келгенде, Лермонтовтың құлақ күйі бұның өз күйі, өз сарыныңдай болып дөп келе кетеді. Сонсоң Лермонтовтан әрі аударады, әрі үлгі алып, күйіне күй қосады. Лермонтов сөзін өз сөзіндей нашаланып, мейрленіп, емірене жыр қылады да, өзінікі мен онікінің шек арасын жойып, «мал басын» араластыра қосып, «еншілес» болп кеткендей болады.

Кей өлеңдерді мынау Лермонтовтікі дегендей қып, үлкен ұқыптылық, дәлшілдікпен тырыса аударады. «Жолға шықтым бір жымжырт түнде жалғыз», «Тұтқындағы батыр», «Жалау», «Қаранғы түнде тау қалғып» (Гете, Лермонтовтан), «Сал демеймін сөзіме ықыласыңды» сияқты өлеңдер – Лермонтовтың кім екенін танытам деп, бұлжытпауга тырысып, басын ала жазған өлеңдері. Бұдан кейінгі «Теректің сыйы» сияқты кейбір өлеңде «Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы» деген Абай Лермонтов текстінен кейде кем, кейде ілтері соғып отырады. Бірақ дәлдікті ұқыптаамайды. Ойында Пушкинге істеген тайталасты бұған да істемек болады. Лермонтовтың қарасөзбен роман қып жазған «Вадимін» бұл аударма қып, өлеңмен аудара бастайды. «Демонды» өз түсінігінде (...) жырлайды. Осы сияқты Лермонтов оригиналына істеген еркіншілік (...) мінездер бір емес, талай жерде көрінеді.

Міне, осылайша көп араласып, көп жанасу арқылы Абайдың ақындық (...) ойлары, шығармашылық түр, тақырыбы, негізгі сарындары енді көп жерде Лермонтов жырымен туысып, бірге жасасқандай болады.

Абайдың Еуропа ақындарынан жасаған аудармалары жоғарыда көрсетілгендей, екі алуан болғанмен де, оның бөрінің түбі аударма... Бір тәбе қып шығарып қойып, енді екінші бір негізгі ерекшелікке көшеміз. Онымыз – ақынның Еуропа жағасынан алған нэр, жаналықты қалай қорытып, қалай пайдаланғаны жайындағы сөз.

Абай Шығыс жағасына араласу арқылы жоғарыда тексерілген махабbat жайындағы, көніл күй жайындағы, дін-құлық жайындағы жырларды шыгарса, Батыс жағасының өз кемесіне соққан ағымдарын қорытқанда да сол жанағыдай бірнеше тақырып үстінде енбек етеді. Бұлары Лермонтовтан жасаған аударма емес, бірақ сол Лермонтов сияқты ақындарың үлгі желісін нық қорытып, керекке жарату белгісі. Осы жайға көз жіберіп байқасақ, Абайда Еуропалық төркіні бар, екі алуан өлеңді көреміз. Бірі – ашықтық жайының өлеңі (махабbat лирикасы), екіншісі – көніл күйінің өлеңі (көніл күй лирикасы).

Араб, парсы сопыларының үлгісімен «Қор болды жаным» жазылса, Еуропа жыршыларының үлгісімен «Желсіз тұнде жарық ай», «Қызырып, сұрланып» жазылды. Алғашкы түрдегі махабbat жырында табиғат араласпайды. Үэзін – ғаруз үлгісі, ырғак – бәйітше. Мына соңғыларда бұрын қазақ поэзиясында құлағы көрінбеген басқаша ала бөтен түрдегі бір сарын үстем бол шығады. Мұнда махабbat табиғат ұйқысына бөленеді:

Желсіз тунда жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп... –

деген әсерлі, көрікті суретпен басталып келіп:

Тау жанғырып ән қосып,  
Үрген ит пен айтакқа... –

деген сияқты қазақ ауылшының тұнгі қалпын берे отырып:

Тұрман па еді сүйеніп,  
Тамаққа кіріп иегі, –

деген көрініске келіп, екі ашықтың табысу мүйнетімен біtedі.

Өлең көрінісі, жалпы сурет-такырып – Абайдың өзінікі. Бірақ маҳаббатты осылайша оттай ыстық көрініспен жалт еткізіп, бір ғана елес еткізіп, аяғын «қалғанын өзін ұға бер» деумен, шұғыл тұжыра салумен бітіретіндік – Еуропа романтистерінің үлгісі. Ондағы жұмбақты жыр поэзиясы – шұғыл қайыргыш емеуріншіл лирикасының (интим лириканың) үлгісі. Бұл жырда:

Тыншыгарсың сен-дағы,  
Сабыр қылсаң азырақ... –

деп тұқыратын Гете, Лермонтов сөзі білініп тұр. Осы айтылған қүйге орай өлең үйқасы қандай? Жеке-жеке әсерлі суреттер үздік-үздік леп бергендей жалт-жұлт етумен бірге үйқас та қазақы өлең не шығыс үлгісіндегі өлеңнің қалпын тастап, шалыс үйқасқа ауысады.

Бірінші мен үшінші, екінші мен төртінші жол үйқаса келіп, әдейі бір лықсып толқып отырған ырғағы мол, күйлі ағынды тапқандай болады.

Дәл осы сарын, осы үлгімен өте шебер жазылған «Қызырып, сұрланыпта» өлең жолдары мен сөздері аса бір сарапандық дәрежесіне жетіп қыскара түсіп:

Елбіреп, калтывают,  
Жігіт пен ол қыз да... –

деген негізгі қүйдің әмірі бойынша шолақ-шолақ боп алады да, ракат түннің құрсінуі сияқты сезіледі. Еуропа жағасынан Абай қорытқан үлгінің бірі осындаі болып, маҳаббат жырының өте шебер, өте нәзік, көркем түрін туғызады. Көніл қүйінің жырлағында да осындаі тұр, сарын жағынан жаңарып, Еуропа шеберлерінің жоғарғы сатыдағы жыр мәдениетін менгеріп алғандық көрінеді. Онда да кейде көніл қүйін табиғат суретімен қабыстырып, ұластыра келіп:

Келенке басын ұзартып,  
Алысты көзден жасырса, –

деумен қатар:

Күнгірт көңілім сырласар  
Сұргылт тартқан бейуаққа, –

деген жалын атады. Ойшыл, мұнды сыршылдың бар денесімен құлай мүлгіп:

Көңілім менің қараңғы. Бол, бол ақын!  
Алтынды домбыранмен келші жақын, –

деп бір тебіреніп кетеді.

Бәрін санауға орын тар. Қалайда осы үлгідегі өлеңдер Абайда өте көп. Сырт қараған көзге Абай көп үлгі, көп сарынды Еуропадан алып, ақындық таразысының сол жағын көбірек басқан сияқтанып көрінетін де осыдан. Көңіл күйінің лирикасын Абай бертін келгенде тұтасымен Гете, Лермонтовша жырлайтын болып, сол атақты романтикермен туысып кеткендей болады. Еуропа жағасының нәрлерін қорытып, өз тәні қып алуда Абай осындаи ірі мәдениест, ірі шеберлікке жеткен. Оларды аударса:

Елсіз жер тұргандай бол қакқа мүлгіп,  
Імдасып сойлескендей көкте жүлдyz... –

деген тәрізді, бір алуан әсерлі, романтикалық сөздермен аударудан басқа, өз жырларын да осындаи сумен суарып соға бастайды. «Үстіне зэр төгілген құрыш. Болат тіл» Абайдың өз тілі сияқтанып кетеді. Бірақ бұл айтқанның бәрі Абайдағы Шығыс жағасының өз, сарының жоймайды. Жуып жаймайды. Тілде, үлгіде ғана қолданып, өзінің шығыстық қазақылық ішін сыртқа шығармауда тұтынған кестесі сияқты. Бұлар Абайдың біз бұл мақалада сөз қылмаған қазақтық және жоғарыда саналған шығыстық тұлғасын, ішкі нәрін, бақыт, негіз дүниесін бұзбайды. Өзгертіп әкетпейді. Соны жарыққа, сыртқа әсерлі қып шығару үшін ұстанған әдіс, өрнек есепті болады. Рас, кейде Еуропа үлгісі бұған айрықша тақырып ұсынатыны да бар.

Осы бітімді өлеңдерінің ішінде (мысалы, қысты сипаттау үлгісі сияқты) маған әсіресе ерекше көрінетін – «Ақынға» деген өлеңі. Біздің көп окушы ол өлеңнің аты осы айтылғандай бол тұрмадан соң, ақындық жайындағы жыр екенін байқамайтыны да болады. Біздің сөз қылышп отырғанымыз – «Адамның кейбір кездері» деген өлең. Бұл – Пушкин, Лермонтовтардың «Ақын», «Ақынға» деген өлеңдерін оқумен қатар өзінен шығарып, аналармен жарыса айтқан жыры. Тақырып Еуропа айтып жүрген

ұлгіден алынады да, жырлауда Абай ақынның, үздік пішіні айқын тұрган ақынның, өз ағымы, өз бағасы беріледі.

Макала мақсұты – әдеби «Телгараның» Шығыс, Батыс сияқты екі жағадан алған нәрін ұзын-ырга атап өту. Түгел зерттеп қана, тексеру емес, сондай тексерушіге бір қысқаша нобай айту. Сондықтан бұл макала толықтын дег шірене алмайды.

Максұт екі жағының ақынға берген бұйым, белгілерін атау болғандықтан, Абайдың үздік тұлғасын, арнайы арнасын, қазақы қалпын атап зерттегеніміз жоқ. Ол – өз бетінде бір төбе сөз.

Енді бұл уақытқа шейін ақынның айналасы деген тақырыпты сөз қылғанда, біз өзіне әсер еткен жайларды, өз қорына құйылған салаларды алып келдік. Бірақ ақындық айналасы Абайдың өзі алған нәрді санаумен түгелденбейді. Екінші қатарда тұрган тағы бір алуан мәселе Абайдың өзгеге берген нәрі тұрасында.

Бұл мәселе біз Абай ақынның төңкеріс алдында не төңкестен бері қазақ ақындарына еткен әсерін айтпаймыз. Ол айрықша, ұзақ талдауды керек етеді. Бергілер және дәл айналасы деген тақырыпқа сия да қоймайды. Сондықтан біз Абайдың дәл өз тұсында, өз дәүірінде еңбек еткен бірнеше ақын туралы ғана қысқаша айтып өтеміз.

Мұндай ақын төртеу. Оның екеуі Ақылбай, Магауия – Абайдың өз балалары. Мұның екеуі де 1904 жылы, Абай өлген жылы, өлген. Қалған екеуі – Көкпай, Шәкерім. Осы төрт ақын – Абайдың нағыз толық мағынадағы шәкірттері. Абайдан аталақ, ағалық, ұстаздық тәрбие алудан басқа, оның өлеңі мен қарасөздерін әрі окушы, әрі таратушы, бағалаушы-тұтынушы болудан басқа, бұлар Абай басшылығымен өз жандарынан жырлар да жазған.

Абайды зерттеуге осы төрт ақын атын қыстыратын бір себеп: бұлардың шығармалары арқылы Абай өзі іstemесе де бой ұрған бірталай тың еңбек туады. Абай оларға тақырып беріп, өлеңдерін сынайды, түзейді, қалай түзеудің жолын айтады. Дәлін айтқанда, мыналар Абайдың ақын шәкірттері де, Абай алды оларға жазушылық мектебі сияқты болады.

Және бір ерекшелік, бұның төртеуі де әнгімелі жырлар жазады. Әдеби мектеп деген ақынның өзі алған тур, өзі жырлаған тақырыпты ғана тебіндей беруде емес, сол басшы ақын берген екпін, бағыт, негізгі күйлерінің бетімен тың жол іздел

өсүде. Ұстаз ақынның өзі айтуға үлгермеген немесе заманында әдейі айтқысы келмеген жайларды тереңдеп үнгіп, бірталай өріске апарып тастауда.

Абай әнгімелі өлеңге қызықса да, өзін-өзі әдейі тежеп, тышып отырған. Мына төрт ақын сол соныны жазады. Сонда Ақылбай, Мағауия романтикалық поэмаларды жазғыштайды, ана екеуі өзге үлгінің сонына түседі. Ақылбай «Дағыстан», «Зұлым» деген поэмалармен қазақ әдебиетінде Байрон, Пушкин үлгісін (олардың Шығыс поэмалары, Тұстік поэмалары деп аталған романтикалық поэмаларының үлгісін) тұтынады. Мағауия да «Медғат-Қасым» деген поэмасын осы үлгімен бастап, аяғы қазақ тұрмысынан алынған тарихи жыр (Абылай жыр) немесе салт жыры «Еңлік-Кебек» жайын жазады. Көкпай Абайдың өзі әнгіме қып, тақырыбын таратып берген желі бойынша Абылай мен Қасым балаларының жайын жыр етеді. Бұлардан гөрі өзгешерек жол іздейді, қазақ тарихынан салт жырының тақырыбын таңдаған Шәкерім «Қалқаман-Мамырды», «Еңлік-Кебекті» жазады.

Осылардың бәріне Абай әнгіме желілерін талқылап беруден басқа, кейін өлең шыққан кезде жеке жолдарын түзейді. Әнгімегі кейіптерін түзеттіреді. Мағауия Қенгірбайдың «Қабекен» деген атын қабан деген сөзден шығарған еken. Оның өткенге қатты тиіскенін жақтырмай, Абай бұл өлеңнің жарыққа шықпауын дұрыстаиды. Көкпай Наурызбайдың қызыл ауыз атын онша жақсы жүйрік қып шығара алмаған соң, Абай «Шоқпардай кекілі барды» жазып береді.

Бұлардың барлығы ана ақындарға Абайдың нақтылы ұстаз боп, баулып, бастап отырғандығын көрсетеді. Олар – шығармаларының ішінде анқып тұратын адамшылық, санашылдық үгіті, аздаған рационалшылдық, сонымен қатар кейіріндегі діншілдік, ханшылдық идеялары және осының бәрінің үстінен қосылған Еуропаның әнгіме құру желісі, түр, бояу үлгілері. Барлығы да мыналар арқылы Абайдың өз шығарма, өз тұлғасын мынадай айнала кеп, қосымша бүйімдар қосып тұрады. Абайды бұрынғы өзінен байқалған мұсінінен ары асыра, тереңдей түсінуге көмекші болады. Абайға шеттен құйған салалардан басқа бұның өзінен шыққан тарау-тармақтың да осында маңыз, мазмұны бар.

1934 жыл.

## ТҮСІНІКТЕР

**Абайдың өмірбаяны (екінші нұсқа).** Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-т. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1984. – 149-202-б. [Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа / Құрастырып, баспаға дайындаған, зерттеу мақаланы жазған М. Мырзахметов. – Алматы: Санат, 1997. – 181-230-б.; Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 15-т. Мақалалар, зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 68-120-б.].

**Абайдың өмірбаяны (үшінші нұсқа).** Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18 т. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1984. – 63-202-б. [Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа / Құрастырып, баспаға дайындаған, зерттеу мақаланы жазған М. Мырзахметов. – Алматы: Санат, 1997. – 181-230-б.; Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. Макалалар, зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 132-218-б.].

**Абай ақындығының айналасы.** Мәтін мұна басылым бойынша берілді: Әдебиет майданы. – 1934. – № 11-12. – 11-19-б. [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 10 т. Макалалар, зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 5-20-б; Абай институтының вебсайты].

**«Евгений Онегиннің» қазақшасы.** Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 17-т. Макалалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1985. – 58-67-б. [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 12 т. Макалалар, оқулық, әдеби мұра. – Алматы: Жібек жолы, 2004. – 6-15-б; Абай институтының вебсайты].

**Абайдың идеялық-мәдени ізденулері.** Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әдебиет майданы. – 1937; Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-т. Макалалар, зерттеулер, [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 15-т. – 5-10-б.; Абай институтының вебсайты].

**Орыс классиктері мен Абай.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т. Зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 5-24-б.; [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – 6-25-б.; Абай институтының вебсайты].

**Абайдың өмірі мен еңбегі.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар / Құрастырушылар: Л.М. Әуезова, М. Мырзахметов. – 204-223-б.

**Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904).** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 143-173-б.; [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – 100-131-б.; Абай институтының вебсайты].

**Абай еңбектерінің биік нысанасы.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мұна басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т. Зерттеулер, мақалалар. – 34-41-б.; [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. - 85-83-б.; Абай институтының вебсайты].

**Пушкин мен Абай.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-т. / Жауапты шығарушылар Л. Әуезова, Т. Әкімов. – Алматы: Жазушы, 1985. – 6-12-б.; [Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 30-т.; Абай институтының вебсайты].

**Абайдың халықтығы мен реализмі.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 31-т. – 125-134-б.; Абай институтының вебсайты.

**Абай Құнанбаев творчествосын зерттеудің маңызды мәселелері.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-т. / Жауапты шығарушылар Л. Әуезова, Т. Әкімов. – 27-39-б.; Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 31-т.; Абай институтының вебсайты.

**Қазақ халқының ұлы ақыны.** Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылымдар бойынша берілді: Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 18-т.. Зерттеулер, мақалалар. – 42-62-б.; Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – 43-59-б.; Абай институтының вебсайты.

## **МАЗМУНЫ**

Абайдың өмірбаяны (екінші нұсқа – 1940).....	3
Абайдың өмірбаяны (үпінші нұсқа – 1944) .....	57
Абай ақындығының айналасы .....	139
«Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы .....	155
Абайдың идеялық-мәдени ізденулері.....	165
Орыс классиктері мен Абай .....	171
Абайдың өмірі мен еңбегі (Ұлы ақынның 100 жылдық юбилейіне жасаған баяндама).....	190
Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845–1904) Өмірі мен творчествосы .....	211
Абай еңбектерінің биік нысанасы .....	241
Пушкин мен Абай .....	249
Абайдың халықтың мен реализмі.....	256
Абай Құнанбаев творчествосын зерттеудің маңызды мәселелері .....	265
Қазақ халқының ұлы ақыны.....	277
Түсініктер .....	299

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
XII том**

Редакторы *K. Мұхадиева*  
Компьютерде беттеген және  
мұқабасын бәзендірген *Ұ. Әбдіқайымова*

**ИБ№10550**

Басуга 10.03.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84<sup>1/16</sup>.  
Көлемі 18,87 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №6145.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.